



БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫ

7M01 - Педагогикалық ғылымдар
(Білім беру саласының жіктелуі және коды)

7M017 - Тілдер және әдебиет бойынша педагогтарды даярлау
(Даярлау бағытының жіктелуі және коды)

0114
(Халықаралық стандарттық білім беру жіктеуішіндегі код)

M017 - Қазақ тілі мен әдебиетінің педагогтерін даярлау
(Білім беру бағдарламасы тобының жіктелуі және коды)

7M01701 - Қазақ тілі мен әдебиеті
(Білім беру бағдарламасының коды және атауы)

Магистр
(дайындықдеңгейі)

Семей

Білім беру бағдарламасы

7M01 - Педагогикалық ғылымдар
(Білім беру саласының жіктелуі және коды)

7M017 - Тілдер және әдебиет бойынша педагогтарды даярлау
(Даярлау бағытының жіктелуі және коды)

0114
(Халықаралық стандарттық білім беру жіктеуішіндегі код)

M017 - Қазақ тілі мен әдебиетінің педагогтерін даярлау
(Білім беру бағдарламасы тобының жіктелуі және коды)

7M01701 - Қазақ тілі мен әдебиеті
(Білім беру бағдарламасының коды және атауы)

Магистр
(дайындық деңгейі)

АЛҒЫ СӨЗ

Әзірленді

Қазақстан Республикасы ҒжЖБМ 2022 жылғы 20 шілдедегі № 2 бұйрығы (жаңа редакцияда - 20.02.2023 № 66) ЖжЖООкББМЖМС негізінде 7М017 - Тілдер және әдебиет бойынша педагогтарды даярлау бағыты бойынша 7М01701 - Қазақ тілі мен әдебиеті білім беру бағдарламасы Академиялық комитетінде

АК құрамы	Аты- жөні, толық	Ғылыми лауазымы, атағы, қызметі	Қолы
АК жетекшісі	Қадыров Айвар Кабыкенович	филология факультетінің деканы	
БББ менеджері	Муканова Каршыга Кайроллаевна	қазақ филологиясы және журналистика кафедрасының қауымдастырылған профессоры (доцент), п.ғ.к.	
АК мүшесі	Сағындыққызы Гүлдерайым	қазақ филологиясы және журналистика кафедрасының меңгерушісі	
АК мүшесі	Токсамбаева Айман Омарқанқызы	қазақ филологиясы және журналистика кафедрасының профессоры, ф.ғ.к.	
АК мүшесі	Аубакирова Алма Медетқызы	«Шәкәрім атындағы үш тілде оқытатын көпбейінді гимназия» КММ-нің директоры	
АК мүшесі	Идрисов Ахат Несипханович	«А.Байтұрсынұлы атындағы №47 жалпы орта білім беретін мектеп» КММ директоры	
АК мүшесі	Әбенова Динар Байтұсовна	МКЯ-101 топ магистранты	
АК мүшесі	Өрлеубек Еркінбек	МКЯ-101 топ магистранты	

ПІКІР БЕРІЛДІ

Аты- жөні, толық	Қызметі, жұмыс орыны	Қолы
Жорокпаева Мейрамгуль Досановна	Семей медицина университеті, Жалпы білім беретін пәндер кафедрасының аға оқытушысы	

ҚАРАСТЫРЫЛДЫ

Филология факультетінің сапаны қамтамасыз ету жөніндегі комиссиясының отырысында Университеттің Ғылыми кеңесінде бекітуге ұсынылды
Хаттама №4.1 "06" сәуір 2023 ж.
Комиссия төрағасы Кеңесбаева Ш. С.

Университеттің Ғылыми кеңесінің отырысында 2023 ж. «25» сәуірдегі № 8 хаттама бекітілді.

БЕКІТІЛДІ

Университеттің Ғылыми кеңесінің отырысында
2023 жылғы "01" қыркүйек No 1 хаттама.
Университеттің Ғылыми кеңесінің төрағасы Орынбеков Д.Р.

Мазмұны

1. Кіріспе
2. Білім беру бағдарламасының паспорты:
 - 2.1. Білім беру бағдарламасының мақсаты;
 - 2.2. Білім беру бағдарламасы шеңберінде даярлау бейінінің картасы:
 - Білім беру саласының жіктелуі және коды;
 - Даярлау бағытының жіктелуі және коды;
 - Халықаралық стандарттық білім беру жіктеуішіндегі код;
 - Білім беру бағдарламасы тобының жіктелуі және коды;
 - Білім беру бағдарламасының коды және атауы;
 - 2.3. Түлектің біліктілік сипаттамасы:
 - Берілетін дәреже / біліктілік;
 - Кәсіп атауы / маманның қызметінің тізімі;
 - СБШ (салалық біліктілік шеңбері) бойынша біліктілік деңгейі;
 - Кәсіби қызмет саласы;
 - Кәсіби қызмет нысаны;
 - Кәсіби қызмет түрлері.
3. Білім беру бағдарламасының модульдері мен мазмұны
4. Білім беру бағдарламасындағы көлемін көрсететін жиынтық кесте 7М01701 - Қазақ тілі мен әдебиеті»
5. ЖОО компонентінің оқу пәндерінің тізімі
6. Элективті пәндер каталогы
7. Оқу жұмыс жоспары

1.Кіріспе

1.1.Жалпы деректер

7M01701- Қазақ тілі мен әдебиеті білім беру бағдарламасы Семей қаласының Шәкәрім атындағы университеті Қазақ филологиясы және журналистика оқу кафедрасының оқытушылары, жұмыс берушілер мен білімалушылар қатысуымен әзірленді. ББ әзірлеуде басшылыққа ғылыми, педагогикалық, әдістемелік бағыт алынды. Жоғары оқу орнының компоненттері ретінде базалық және кәсіптендіру пәндері енгізілді. Базалық пәндер циклы болашақ магистрдің мамандыққа байланысты фундамендалды білімін қалыптастыруға бағытталады. Кәсіптендіру пәндері циклы кәсіптік қызметтің белгілі бір саласында қолданылатын әлеуметтік білім, біліктілік, дағды құзыреттіліктермен анықталады.

1.2.Қорытындылау критерийлері

Ғылыми-педагогикалық бағыттағы магистрлерді даярлау бойынша білім беру процесінің аяқталуының негізгі критерийі білім алушылардың теориялық оқытудың кемінде 88 кредитін, соның ішінде 6 кредит педагогикалық практика, 13 кредит зерттеу практикасы, сондай-ақ тағылымдамадан өтуді және магистрлік жобаны орындауды қоса алғанда, магистранттың ғылыми - зерттеу жұмысының кемінде 24 кредитін, қорытынды аттестацияның кемінде 8 кредитін игеру болып табылады. Барлығы 120 кредит.

1.3.Типтік оқу мерзімі: 2 жыл.

2. Білім беру бағдарламасының паспорты

2.1. Білім беру бағдарламасының мақсаты	Жоғары және орта арнайы оқу орындарында іргелі ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізу мақсатында ғылыми-педагогикалық кадрларды дайындау
2.2. Білім беру бағдарламасы шеңберінде даярлау бейінінің картасы	
Білім беру саласының жіктелуі және коды	7M01 - Педагогикалық ғылымдар
Даярлау бағытының жіктелуі және коды	7M017 - Тілдер және әдебиет бойынша педагогтарды даярлау
Халықаралық стандарттық білім беру жіктеуіндегі код	0114
Білім беру бағдарламасы тобының жіктелуі және коды	M017 - Қазақ тілі мен әдебиетінің педагогтерін даярлау
Білім беру бағдарламасының коды және атауы	7M01701 - Қазақ тілі мен әдебиеті
2.3. Түлектің біліктілік сипаттамасы	
Берілетін дәреже / біліктілік	7M01701-Қазақ тілі мен әдебиеті білім беру бағдарламасы бойынша педагогика ғылымдарының магистрі
Кәсіп атауы / маманның қызметінің тізімі	<ul style="list-style-type: none"> - жоғары оқу орнының білім беру үдерісі шеңберінде зерттеу жұмыстарын ұйымдастыру; - білім алушыларды оқыту және тәрбиелеу жұмыстарын ұйымдастыру; - ғылыми-зерттеу институттарында зерттеу жұмыстарын ұйымдастыру; - өкілетті және жергілікті атқарушы органдардың білім беруді басқаруда инновациялық үдерістерді қолдауын қамтамасыз ету;
СБШ (салалық біліктілік шеңбері) бойынша біліктілік деңгейі	7 (7.1, 7.2)
Кәсіби қызмет саласы	білім алушыларды оқыту және тәрбиелеу жұмыстарын ұйымдастыру; жоғары оқу орнының білім беру үдерісі шеңберінде зерттеу жұмыстарын ұйымдастыру; ғылыми-зерттеу институттарында зерттеу жұмыстарын ұйымдастыру; өкілетті және жергілікті атқарушы органдардың білім беруді басқаруда инновациялық үдерістерді қолдауын қамтамасыз ету.
Кәсіби қызмет нысаны	<ul style="list-style-type: none"> ☒ ғылыми-зерттеу институттары; ☒ ғылыми-зерттеу орталықтары; ☒ жоғары оқу орындары; ☒ кәсіптік білім беретін оқу орындары; ☒ орта мектептер; ☒ оқу орталықтары; <p>білім алушыларды оқыту және тәрбиелеу жұмыстарын ұйымдастыру; жоғары оқу орнының білім беру үдерісі шеңберінде зерттеу жұмыстарын ұйымдастыру; ғылыми-зерттеу институттарында зерттеу жұмыстарын ұйымдастыру; өкілетті және жергілікті атқарушы органдардың білім беруді басқаруда инновациялық үдерістерді қолдауын қамтамасыз ету.</p>
Кәсіби қызмет түрлері	<p>-Қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімі</p> <p>- Білім беру (педагогикалық) – қазақ тілді және өзге тілді топтарда қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі:</p>

	<ul style="list-style-type: none"> - Мектепте факультативтік сабақ ұйымдастырушы; - Ғылыми-зерттеуші (ғылыми-зерттеу мекемелерінде аға ғылыми қызметкер); - Әдеби-шығармашылық бағыттағы (әдеби, мәдени мекемелерде, баспа орындарында) әдеби кеңесші; -БАҚ мекемелерінде әдеби қызметкер, корректор, редактор; - Ұйымдастырушы-басқарушы; - Өндірістік-басқарушылық қызмет; - Білім беру, мәдениет, басқару мекемелерінде; -Іс қағаз жүргізушісі;
<p>Бітіруші түлек моделі</p>	<p>7B01701-«Қазақ тілі мен әдебиеті» БББ бітіруші түлектің моделі</p> <p>Еліміз жастардан Қазақстанның гүлденуіне, егеменді еліміздің өсіп-өркендеуіне өз үлесін қосар білімді білікті мамандар күтеді. Осы тұрғыдан келгенде, Қазақ филологиясы және журналистика кафедрасы республиканың парасаттылық мүмкіншіліктеріне лайықты үлес қосу, оқыту үдерісіне жаңа әдіс-тәсілдерді енгізу, жаңа тұрпатты оқытушыларды дайындау бағытында, жастарды жоғары рухани-адамгершілік, мәдени құндылықтар рухында тәрбиелеу мүддесінде қызмет етіп келеді. Аталған оқу орнының бітіруші түлектері білімді де білікті оқытушылардан дәріс алып, білімін, біліктілігін, кәсіби шеберлігін шыңдайды.</p> <p>Нарық жағдайындағы бітіруші түлекке қойылатын талаптар:</p> <ul style="list-style-type: none"> - бәсекеге қабілеттілігі; - білім беру сапасының жоғары болуы; - кәсіби шеберлігі; - әдістемелік жұмыстағы шеберлігі. <p>Сондықтан «Қазақ тілі мен әдебиеті» БББ бітіруші түлектің моделі төмендегідей құзіреттіліктермен анықталады.</p> <p>I Негізгі құзыреттілік II Кәсіби құзыреттілік</p> <p>I Негізгі құзыреттілік - негізгі құзыреттілік сала ерекшелігіне қарамастан барлық мамандар бойынан табылу керек деп қарастырылған, себебі құзыреттілік маман біліктілігінің негізін құрайды.</p> <p>Негізгі құзыреттілік үшке бөлінеді:</p> <ul style="list-style-type: none"> - ақпараттық құзыреттілік; - коммуникативтік (қатысымдық) құзыреттілік; - әлеуметтік – құқықтық құзыреттілік <p>Ақпараттық құзыреттілік – мамандардың компьютерлік білімділігі, жаңа ақпараттық технологияларды қолдана алу мүмкіндігі.</p> <p>Коммуникативтік құзыреттілік– бірлесіп жұмыс істеуді бағалау, адамдар арасындағы сенімділік, бірін-бірі түсіну, тыңдау, сыйлау, этикет сақтау, дәстүрді білу, дау жан-жалды шеше алу, бұзылған қатынастарды түзету, өз қателігін түсіне білу, топпен жұмыс жасай алу, орындаушылардың жұмысын дұрыс ұйымдастыру, басқару</p>

шешімдерін таба алу және қолдана білу қабілеттері.
Әлеуметті-құқықтық құзіреттілік - өз елінің азаматы ретінде өзінің және қоғам мүшелерінің әлеуметтік қызметтерінің маңызын түсіну, қоғамдық міндеттерге тұрақты қарау, мемлекет нышандарын білу, адам құқығын жете білу, қажетті жағдайларда оларды қолдану, өзіне жауапкершілік арту жатады.

II Кәсіби құзыреттілік - тәжірибеде кәсіби құзыреттілік бітірушінің идеялды моделі ретінде көрініс береді. Кәсіби құзіреттілік деп педагогтің жеке бас сапалары мен оның психологиялық-педагогикалық және теориялық білімінің, кәсіби біліктілігі мен дағдысының, тәжірибесінің бір арнада тоғысуы. Кәсіби құзыреттілік жеке тұлғаның кәсіби іс-әрекетті атқаруға теориялық, практикалық әзірлігі мен қабілеттілігінің бірлігі. Кәсіби құзыреттілік 3 бөлінеді:

- Арнайы кәсіби құзыреттілік;
- Кәсіби-дидактикалық құзыреттілік,
- Педагогикалық-психологиялық құзыреттілік

Арнайы кәсіби құзіреттілік - өзінің кәсіби қызметімен жоғары деңгейде айналысатын және өзінің кәсіби дамуын жобалай білетін қабілет

- Қазақ тілі мен әдебиеті саласы бойынша алдыңғы қатарлы білім элементтерін қоса алғанда, сол сала бойынша білімі мен түсінігін көрсете білу;
- осы білімі мен түсінігін кәсіби деңгейде қолдана білу;
- дәйектемелер құрастыру және зерттеп отырған саласындағы проблемаларды шешу;
- әлеуметтік, этикалық және ғылыми көзқарастарды ескере отырып, пайымдаулар жасауға қажет ақпараттар жинауды және интерпретациялауды жүзеге асыру;

Кәсіби-дидактикалық құзіреттілік – кәсіптік қызметімен айналысу қабілеті. Дидактикалық дайындық - кәсіби-педагогикалық даярлықтың негізгі және маңызды саласы. Бітіруші түлектің дидактикалық даярлығына жататындар:

- олардың оқыту үрдісінің теориясы мен практикасы бойынша игерген білімдері;
- педагогикалық қызметке деген ынтасы (мотивтері) мен мүмкіндіктері
- оқытудың мақсаты мен мазмұны, оны ұйымдастырудағы қолданатын тиімді әдіс-тәсілдерді жете біліп, іске асырудың жолдарын меңгеру;
- оқыту үрдісін жоспарлай білуі,
- оқу үрдісін мақсатты түрде ұйымдастыра алуы;
- жүйелі түрде бақылау мен бағалау ісін орындап отыруы;
- инновациялық іс-әрекеттерді ұйымдастыру және жүзеге асыру іскерлігі;
- қазақ тілі мен әдебиеті сабақ түріне қарай инновациялық технологиялардың ең тиімдісін таңдау іскерлігі;

	<ul style="list-style-type: none">- жаңалық іздестіру дағдысы қалыптасқан;- педагогикалық үрдісте жүйелі жұмыс жүргізе алады;- педагогикалық өзгерістерге тез төселе алады;- жаңаша ойлау жүйесін меңгерген; <p>Педагогикалық- психологиялық құзіреттілік – педагогикалық және әлеуметтік психологияның негіздерін қолдана білу қабілеті.</p> <ul style="list-style-type: none">- педагогикалық психология саласындағы зерттеулер негізінде білім беру мен тәрбиелеудің мәнін дұрыс түсіне білу іскерлігі;- оқулықтар мен оқу құралдарына қойылатын әр түрлі талаптарды анықтай білу іскерлігі;
--	---

3.Білім беру бағдарламасының модульдері мен мазмұны

Модуль 1. Әлеуметтік-лингвистикалық және ғылыми-педагогикалық

Шет тілі (кәсіби)

Пән циклі	Базалық пәндер
Пәннің компонент	ЖОО компоненті
SubjectID	28437 (3012100)
Курс	1
Семестр	1
Академиялық кредит саны	3
Практикалық және семинарлық сабақтар	30сағат
Білім алушының оқытушы жетекшілігімен өзіндік жұмысы	20сағат
Білім алушының өзіндік жұмысы	40сағат
Барлығы	90сағат
Білімді бақылау нысаны	Емтихан

Пән мазмұнының қысқаша сипаттамасы

Тиісті білім саласының түпнұсқа әдебиетін шет тілінде еркін оқуға оқытуды көздейтін кәсіби қызметті жүзеге асыру үшін жалпы мәдени, кәсіби және арнайы құзыреттерді меңгеру; мамандық бойынша монологиялық және диалогтік нысанда ауызша қарым-қатынас дағдыларын дамыту; магистранттың ғылыми жұмысымен байланысты тақырыптарда жазбаша ғылыми қарым-қатынас дағдыларын дамыту, сондай-ақ ғылыми саладағы халықаралық ынтымақтастықтың нысандары мен түрлерімен танысу.

Пәнді оқыту мақсаты

Магистратурада "Шет тілі (Кәсіби)" пәнін оқытудың мақсаты болашақ магистрдің кәсіби қызметінде тілді белсенді меңгеру дағдылары мен іскерлігін одан әрі дамыту негізінде шет тілінде білім берудің халықаралық стандарттары шеңберінде коммуникативтік құзыреттілікті жүйелі тереңдету болып табылады.

Оқыту нәтижелері

ON1 Кәсіби қызметте негізгі ғылыми, педагогикалық, басқарушылық, коммуникативті білім мен дағдыларды қолдану.

Пререквизиттер

Бакалавриат

Постреквизиттер

Қорытынды аттестаттау

Ғылым тарихы мен философиясы

Пән циклі	Базалық пәндер
Пәннің компонент	ЖОО компоненті
SubjectID	28439 (3012099)
Курс	1
Семестр	1
Академиялық кредит саны	5
Дәрістер	15сағат
Практикалық және семинарлық сабақтар	30сағат
Білім алушының оқытушы жетекшілігімен өзіндік жұмысы	35сағат
Білім алушының өзіндік жұмысы	70сағат
Барлығы	150сағат
Білімді бақылау нысаны	Емтихан

Пән мазмұнының қысқаша сипаттамасы

Пән ғылыми ойлау мәдениетін зерттеуге бағытталған, аналитикалық мүмкіндіктер мен зерттеу дағдыларын қалыптастырады, болашақ ғалымға қажетті теориялық және практикалық білім береді. Ғылымның тарихи эволюциясын және олар қалыптастыратын философиялық перспективаларды зерттейді. Қазіргі ғылымның пайда болуы, оның әлеуметтік және институционалдық байланыстары сипатталған. Ойлау эксперименттеріне, теорияларды растау мен теріске шығаруға, сандық және жоғары сапалы зерттеу әдістерінің пайда болуы мен қолданылуына байланысты жалпы философиялық мәселелер қарастырылады.

Пәнді оқыту мақсаты

магистранттарда жалпыадамзаттық мәдениеттің бір бөлігі ретінде ғылыми ойлаудың тарихы мен философиясын (теориясын) терең түсінуге негізделген пәнаралық дүниетанымды қалыптастыру.

Оқыту нәтижелері

ON1 Кәсіби қызметте негізгі ғылыми, педагогикалық, басқарушылық, коммуникативті білім мен дағдыларды қолдану.

Пререквизиттер

Бакалавриат

Постреквизиттер

Қорытынды аттестаттау

Жоғары мектептің педагогикасы

Пән циклі	Базалық пәндер
-----------	----------------

Пәннің компонент	ЖОО компоненті
SubjectID	28436 (3012101)
Курс	1
Семестр	1
Академиялық кредит саны	3
Дәрістер	15сағат
Практикалық және семинарлық сабақтар	15сағат
Білім алушының оқытушы жетекшілігімен өзіндік жұмысы	20сағат
Білім алушының өзіндік жұмысы	40сағат
Барлығы	90сағат
Білімді бақылау нысаны	Емтихан

Пән мазмұнының қысқаша сипаттамасы

Курс жоғары білім берудің негізгі бағыттарын, қағидаттарын мен заңдылықтарын зерделеуге бағытталған. Курсты оқу барысында қазіргі педагогиканың базалық ұғымдары, оқыту мен тәрбиелеудің тұжырымдамасы мен теориясы, жоғары мектептің дидактикасы қарастырылатын болады. Магистрант білім беру процесін ұйымдастыруды жобалау дағдыларын, жеке және топтық рефлексия тәсілдерін меңгереді, педагогикалық мақсаттарды сауатты тұжырымдай алады, білім беру технологияларын оқу үрдісінде қолдана алады, пәндердің жұмыс бағдарламаларын құрастыра алады.

Пәнді оқыту мақсаты

Пәнді игерудің мақсаты- жоғары білім туралы білім жүйесін, оның мазмұнын, құрылымын, білім беру процестерін басқару принциптерін игеру және білім беру процесін басқару мен ұйымдастыруда заманауи технологияларды игеру.

Оқыту нәтижелері

ОН1 Кәсіби қызметте негізгі ғылыми, педагогикалық, басқарушылық, коммуникативті білім мен дағдыларды қолдану.

Пререквизиттер

Бакалавриат

Постреквизиттер

Педагогикалық практика

Басқару психологиясы

Пән циклі	Базалық пәндер
Пәннің компонент	ЖОО компоненті
SubjectID	28438 (3012102)
Курс	1
Семестр	1
Академиялық кредит саны	3
Дәрістер	15сағат
Практикалық және семинарлық сабақтар	15сағат
Білім алушының оқытушы жетекшілігімен өзіндік жұмысы	20сағат
Білім алушының өзіндік жұмысы	40сағат
Барлығы	90сағат
Білімді бақылау нысаны	Емтихан

Пән мазмұнының қысқаша сипаттамасы

Курстың мазмұны басқару психологиясының тәсілдері мен бағыттарын, басқарудың психологиялық заңдылықтарын, басқару мәселелерін жоспарлау мен шешу ерекшеліктерін меңгеруге бағытталған. Білім алушылар конфликттік жағдайларды шешудің психологиялық әдістерімен танысады, жұмысты ынталандыру тәсілдерін, басқарудың тиімді стильдерін қолдану әдістерін меңгереді. Басқару процесінің тиімділігінің төмендеуінің негізінде жатқан психологиялық себептерді талдау дағдылары қалыптасады.

Пәнді оқыту мақсаты

"Басқару психологиясы" пәнінің мақсаты қазіргі жағдайда психикалық құбылыстар жүйесі, мінез- құлықтың психологиялық айнымалылары және адамның саналы қызметі туралы ғылыми негізделген идеяларды қалыптастыру болып табылады және магистранттарда алынған психологиялық білімді білім беру қызметінде қолдану дағдыларын қалыптастыруға мүмкіндік береді

Оқыту нәтижелері

ОН1 Кәсіби қызметте негізгі ғылыми, педагогикалық, басқарушылық, коммуникативті білім мен дағдыларды қолдану.

Пререквизиттер

Бакалавриат

Постреквизиттер

Педагогикалық практика

Педагогикалық практика

Пән циклі	Базалық пәндер
Пәннің компонент	ЖОО компоненті
SubjectID	28954 (3012065)
Курс	2
Семестр	1
Академиялық кредит саны	6

Педагогикалық практика	180сағат
Барлығы	180сағат
Білімді бақылау нысаны	Практика бойынша қорытынды баға

Пән мазмұнының қысқаша сипаттамасы

Магистрант меңгерген теориялық білімін практикада іске асыру үшін психологиялық-педагогикалық білімді меңгереді. Практика барысында туындайтын міндеттерді шешеді және түсіндіреді, өз бетімен ғылыми-зерттеу және ғылыми-қызмет дағдыларын меңгереді, қажетті жағдайды қамтамасыз ете білуге қалыптасады. "Жоғары мектеп педагогикасы", "Басқару психологиясы" курстарының білімін бекітеді. Пәндік материалды ауызша және жазбаша баяндаудың әртүрлі білім беру технологияларын, әдістері мен тәсілдерін меңгереді. Оқу-тәрбие жұмысын жүргізу дағдыларын қалыптасады және дамиды.

Пәнді оқыту мақсаты

Болашақ маманның өз ісіне бейімділігін қалыптастыру, білім алушылармен оқу-тәрбие жұмысын ұйымдастыруда білім, білік, дағдыларын шыңдау. тәрбие мен білім берудің өзекті мәселелерін шешуге шығармашылықпен жұмыс жасауға дағдыландыру.

Оқыту нәтижелері

ON2 Жоғарғы кәсіби білім проблемаларын және оның болашақ өркендеуін шешу

ON3 Ғылыми- зерттеуді және ғылыми- педагогикалық істерді ұйымдастырудың методологиясын және жоспарлау алгоритмдерін білу

Пререквизиттер

Жоғары мектептің педагогикасы Басқару психологиясы

Постреквизиттер

Зерттеу практикасы

Модуль 2. Жоғары мектеп негіздері және оқыту әдістемесі/

Қазақ тілінің тарихи грамматикасы

Пән циклі	Базалық пәндер
Пәннің компонент	Таңдалатын компонент
SubjectID	28931 (3012076)
Курс	1
Семестр	1
Академиялық кредит саны	5
Дәрістер	30сағат
Практикалық және семинарлық сабақтар	15сағат
Білім алушының оқытушы жетекшілігімен өзіндік жұмысы	35сағат
Білім алушының өзіндік жұмысы	70сағат
Барлығы	150сағат
Білімді бақылау нысаны	Емтихан

Пән мазмұнының қысқаша сипаттамасы

Пән бүгінгі тілдің фонетикалық, грамматикалық құрылымының дамуын тарихи-салыстырмалы әдісі негізінде жан-жақты қарастырады. Зерттеу көздеріне сүйеніп, сөздердің грамматикалық түрлерге топтастырылу тарихы, грамматикалық категориялардың даму жолдары мен дыбыстық жүйеде болған тарихи өзгерістерді, оның тілдегі лексикалық қорға, грамматикалық құрлысына әсерін игертеді Көне түркі мәтіндеріне тілдік тұрғыда тарихи талдау жасайды, қазақ тіліндегі қазіргі шығармаларды толық талдайды.

Пәнді оқыту мақсаты

Қазақ тілінің барлық салаларының даму заңдылықтары мен өзгеру бағдарларын айқындап, Қазақ тілі тарихының мәселелері туралы білім және оларға талдау жасау

Оқыту нәтижелері

ON3 Ғылыми- зерттеуді және ғылыми- педагогикалық істерді ұйымдастырудың методологиясын және жоспарлау алгоритмдерін білу

ON5 Грамматиканы зерттеудегі қалыптасқан теориялардың ролі мен маңызын меңгеру

Пререквизиттер

Бакалавриат

Постреквизиттер

Қазақ тілінің академиялық грамматикасы Зерттеу практикасы

Жоғары мектепте көркем шығарманы ғылыми талдау

Пән циклі	Базалық пәндер
Пәннің компонент	Таңдалатын компонент
SubjectID	28939 (3012090)
Курс	1
Семестр	1
Академиялық кредит саны	5
Дәрістер	30сағат
Практикалық және семинарлық сабақтар	15сағат
Білім алушының оқытушы жетекшілігімен өзіндік жұмысы	35сағат

Білім алушының өзіндік жұмысы	70сағат
Барлығы	150сағат
Білімді бақылау нысаны	Емтихан

Пән мазмұнының қысқаша сипаттамасы

Пән көркем туындыға ғылыми талдау жасаудың негізгі ұғымдары, әдістері туралы білім мен оны тәжірибеде қолдану дағдыларын қалыптастырады. Қарастырылатын мәселелер: сөз өнерінің өзіндік мазмұны мен оны көрсететін пішіндердің даму заңдылықтары мен ерекшеліктері; шығарманың идеялық мазмұны, тақырыпты баяндау ерекшеліктері; сюжеттік, композициялық құрылысы, жанрлық сипаты; тілдік құралдары.

Пәнді оқыту мақсаты

Көркем туындыға ғылыми талдау жасаудың негізгі ұғымдары, әдістері туралы білім мен оны тәжірибеде қолдану дағдыларын қалыптастыру

Оқыту нәтижелері

ON3 Ғылыми- зерттеуді және ғылыми- педагогикалық істерді ұйымдастырудың методологиясын және жоспарлау алгоритмдерін білу

ON7 Кәсіби білікті маман, шығармашыл тұлға дайындау, қажетті кәсіптік теориялық білім мен тиісті практикалық машық- дағдыларды қалыптастыру.

ON8 Филологиялық білім ретінде сөз өнерінің өзіндік мазмұны мен оны көрсететін пішіндердің даму заңдылықтары мен ерекшеліктерін меңгеру.

Пререквизиттер

Бакалавриат

Постреквизиттер

Әуезов және әдебиеттану мәселелері

Грамматика теориясының негіздері

Пән циклі	Базалық пәндер
Пәннің компонент	Таңдалатын компонент
SubjectID	28914 (3012074)
Курс	1
Семестр	1
Академиялық кредит саны	5
Дәрістер	30сағат
Практикалық және семинарлық сабақтар	15сағат
Білім алушының оқытушы жетекшілігімен өзіндік жұмысы	35сағат
Білім алушының өзіндік жұмысы	70сағат
Барлығы	150сағат
Білімді бақылау нысаны	Емтихан

Пән мазмұнының қысқаша сипаттамасы

Грамматиканы зерттеудегі қалыптасқан теориялардың рөлі мен маңызы, қазақ тілінің грамматикалық деңгейін зерттеудегі жаңа теориялық заңдылықтар туралы, сонымен қатар, А. Байтұрсынов, Қ. Жұбанов, С. Аманжолов, А. Ысқақовтың қазақ тілі мәселелерін зерттеудегі теориялық тұжырымдары жайлы мағлұматтар беру.

Пәнді оқыту мақсаты

Грамматиканы зерттеудегі қалыптасқан теориялардың рөлі мен маңызы; қазақ тілінің грамматикалық деңгейін зерттеудегі жаңа теориялық заңдылықтар және олардың ерекшеліктері жөнінде мағлұмат беру.

Пән бойынша ғылыми ақпараттар мен ұстанымдар, ғылыми – теориялық мәселелерді талдау, ғылыми концепциялары айқындау, нақты түсінік пен білім қалыптастыру. Оның даму бағыттары, тенденцияларын сараптау, қазіргі қазақ грамматикасының алдында тұрған міндеттер, өзекті мәселелерді қарастыру.

Оқыту нәтижелері

ON3 Ғылыми- зерттеуді және ғылыми- педагогикалық істерді ұйымдастырудың методологиясын және жоспарлау алгоритмдерін білу

ON5 Грамматиканы зерттеудегі қалыптасқан теориялардың рөлі мен маңызын меңгеру

Пререквизиттер

Бакалавриат

Постреквизиттер

Когнитивті лингвистика

Әдебиет тарихын дәуірлеудің теориялық негіздері

Пән циклі	Базалық пәндер
Пәннің компонент	Таңдалатын компонент
SubjectID	28435 (3012072)
Курс	1
Семестр	1
Академиялық кредит саны	5
Дәрістер	30сағат
Практикалық және семинарлық сабақтар	15сағат
Білім алушының оқытушы жетекшілігімен өзіндік жұмысы	35сағат
Білім алушының өзіндік жұмысы	70сағат

Барлығы	150сағат
Білімді бақылау нысаны	Емтихан

Пән мазмұнының қысқаша сипаттамасы

Курс барысында қазақ әдебиеттану ғылымы, дәуірлеу кезеңдері, бүгінгі әдебиеттану мәселелері талданып, ақын-жазушылардың бай мұрасы және шығармашылығы зерттеулеріндегі тұжымдар сараланады. Ұлт әдебиетінің тарихы тың тұжырымдармен нақтыланып, әдеби-теориялық аспектіде қарастырады. Қазақ әдебиетінің тарихы, орта ғасырлық көне дәуір әдебиеттері туралы жан-жақты мәлімет беріледі. Әдебиет тарихын дәуірлеу сатылай кешенді талдау, тарихи-салыстырмалы, тарихи талдау арқылы талданады.

Пәнді оқыту мақсаты

Қазақ әдебиетінің тарихындағы маңызды да күрделі кезең болып табылатын әдебиет тарихын дәуірлеу туралы әдебиеттану ғылымындағы ғылыми бағалаулардың жүйесін саралап таныту. Хронологиялық ұстанымды сақтай отырып, әдебиеттану ғылымының қол жеткізген бүгінгі табыстары негізінде магистранттарға барынша толық, тиянақты білім беру.

Оқыту нәтижелері

ON2 Жоғарғы кәсіби білім проблемаларын және оның болашақ өркендеуін шешу

ON3 Ғылыми-зерттеуді және ғылыми-педагогикалық істерді ұйымдастырудың методологиясын және жоспарлау алгоритмдерін білу

ON4 Әдебиет тарихын дәуірлеудің теориялық негіздері жайында жүйелі білім беру мақсатын көздейді.

Пререквизиттер

Бакалавриат

Постреквизиттер

Әуезов және әдебиеттану мәселелері Әдеби ағымдардың қалыптасу тарихы Әдебиеттанудың жаңа бағыттары

Қазіргі қазақ әдебиетін дәуірлеу

Пән циклі	Базалық пәндер
Пәннің компонент	Таңдалатын компонент
SubjectID	28910 (3012073)
Курс	1
Семестр	1
Академиялық кредит саны	5
Дәрістер	30сағат
Практикалық және семинарлық сабақтар	15сағат
Білім алушының оқытушы жетекшілігімен өзіндік жұмысы	35сағат
Білім алушының өзіндік жұмысы	70сағат
Барлығы	150сағат
Білімді бақылау нысаны	Емтихан

Пән мазмұнының қысқаша сипаттамасы

Курс барысында әдебиет тарихын зерттей отырып, стиль, ағым, бағыт, әдеби мектепке назар аударып, сол кезеңнің әдеби өміріндегі басты тенденцияны анықтайды. Әдебиет тарихын дәуірлеуге қатысты ғылыми еңбектермен, тәжірибелерді жүйелі саралап, бағыттар мен көркемдік әдістерді, дәстүрмен жаңашылдықтың, әдебиеттің даму үрдісіне ықпалын жекелеген ақын-жазушылар шығармашылығы арқылы меңгереді. Қазақ әдебиеттану ғылымын бүгінгі кезең талабында қарастырып, шығармашылық қырларының зерттелуіндегі тұжырымдарды нақтылап түсінеді.

Пәнді оқыту мақсаты

Қазіргі әдебиеттану ғылымының бағыт-бағдарына, өкілдерінің шығармашылығына сыни баға беруге қалыптастыру

Оқыту нәтижелері

ON3 Ғылыми-зерттеуді және ғылыми-педагогикалық істерді ұйымдастырудың методологиясын және жоспарлау алгоритмдерін білу

ON4 Әдебиет тарихын дәуірлеудің теориялық негіздері жайында жүйелі білім беру мақсатын көздейді.

Пререквизиттер

Бакалавриат

Постреквизиттер

Әуезов және әдебиеттану мәселелері Әдеби ағымдар мен бағыттар Әдебиеттанудың жаңа бағыттары

Функционалды грамматика

Пән циклі	Базалық пәндер
Пәннің компонент	Таңдалатын компонент
SubjectID	28919 (3012075)
Курс	1
Семестр	1
Академиялық кредит саны	5
Дәрістер	30сағат
Практикалық және семинарлық сабақтар	15сағат
Білім алушының оқытушы жетекшілігімен өзіндік жұмысы	35сағат
Білім алушының өзіндік жұмысы	70сағат
Барлығы	150сағат
Білімді бақылау нысаны	Емтихан

Пән мазмұнының қысқаша сипаттамасы

Курс функционалды грамматиканың басты ұғымдары мен категориялары, аспектілері жайлы мағлұмат береді. Дәстүрлі құрылымдық жүйе мен функционалды грамматиканың өзара сабақтастығын түсіндіреді. Оның белгілі бір семантикалық категорияларға жіктелген тілдік бірліктер, категориялар, құбылыстарды топтастыратын жүйе екендігіне көз жеткізіп, ғылыми тұжырым жасауға машықтандыру. Тіл білімі теориясында лингвистикалық талдаудың құрылымдық-жүйелік аспектілерін коммуникативті-функционалды аспектілермен бірлікте қарастыру дағдысына ие болады.

Пәнді оқыту мақсаты

Магистранттарды функционалды грамматиканың негізгі терминдері мен ұғымдарымен, теориялық-методологиялық негіздерімен, функционалды лингвистиканың негізгі ғылыми мектептері, функционалды грамматиканың зерттеу нысаны, негізгі принциптері жайлы түсіндіре келе, функционалды-семантикалық өріс теориясы, оның сипаты мен құрылымы туралы, дәстүрлі грамматика мен функционалды грамматиканың арақатынасы жайлы қарастыру

Оқыту нәтижелері

ON3 Ғылыми-зерттеуді және ғылыми-педагогикалық істерді ұйымдастырудың методологиясын және жоспарлау алгоритмдерін білу

ON5 Грамматиканы зерттеудегі қалыптасқан теориялардың ролі мен маңызын меңгеру

Пререквизиттер

Бакалавриат

Постреквизиттер

Қазақ тілінің академиялық грамматикасы Зерттеу практикасы

Қазақ тілі мен әдебиеті бойынша білім алушылардың зерттеу қызметі

Пән циклі	Бейіндеуші пәндер
Пәннің компонент	ЖОО компоненті
SubjectID	28953 (3012098)
Курс	1
Семестр	2
Академиялық кредит саны	5
Дәрістер	30сағат
Практикалық және семинарлық сабақтар	15сағат
Білім алушының оқытушы жетекшілігімен өзіндік жұмысы	35сағат
Білім алушының өзіндік жұмысы	70сағат
Барлығы	150сағат
Білімді бақылау нысаны	Емтихан

Пән мазмұнының қысқаша сипаттамасы

Курс барысында оқу үрдісін ғылыми-зерттеу бағытында ұйымдастырудың ғылыми-теориялық және әдіснамалық негіздеріне талдау жасалады. Білім алушылардың зерттеушілік құзыреттілігін қалыптастырудың жолдары айқындалады. Зерттеу жұмыстарын жекелей, шағын таптарда, топпен талқылауға және оларды практикада қолдауға мүмкіндік алады. Ғылыми-зерттеу әдістерін меңгеру негізінде магистранттардың зерттеушілік құзыреті қалыптасады. Ғылыми-зерттеу бағытындағы жоба, практикалық жоба түрлері және оны іске асыру жолдары ұсынылады. Магистранттар зерттеу қызметін ұйымдастырудың ұтымды әдістемесін меңгереді.

Пәнді оқыту мақсаты

Оқу үрдісін ғылыми-зерттеу бағытында ұйымдастырудың ғылыми-теориялық және әдіснамалық негіздерін талдау. Зерттеу қызметін ұйымдастырудың ұтымды әдістемесін меңгерту

Оқыту нәтижелері

ON2 Жоғарғы кәсіби білім проблемаларын және оның болашақ өркендеуін шешу

ON3 Ғылыми-зерттеуді және ғылыми-педагогикалық істерді ұйымдастырудың методологиясын және жоспарлау алгоритмдерін білу

Пререквизиттер

Қазіргі қазақ әдебиетін дәуірлеу Тіл біліміндегі ағымдар мен көзқарастар

Постреквизиттер

Зерттеу практикасы Тағылымдамадан өту мен магистрлік диссертацияны орындауды қамтитын магистранттың ғылыми-зерттеу жұмысы II

Әдебиетті жоғары мектепте оқыту мәселелері

Пән циклі	Бейіндеуші пәндер
Пәннің компонент	Таңдалатын компонент
SubjectID	28943 (3012066)
Курс	1
Семестр	2
Академиялық кредит саны	5
Дәрістер	30сағат
Практикалық және семинарлық сабақтар	15сағат
Білім алушының оқытушы жетекшілігімен өзіндік жұмысы	35сағат
Білім алушының өзіндік жұмысы	70сағат
Барлығы	150сағат

Пән мазмұнының қысқаша сипаттамасы

Қазақ әдебиетін оқыту әдістемесі ғылымының және тәжірибесінің қазіргі жағдайын меңгертеді. Оқытудың ауызекі әдістері, көрнекілік, практикалық әдістер, аналитикалық ойлау жүйесі тәрізді әдістемелердің ғылыми негіздемесін игереді. Әдебиеттік білімді саралап, жаңа бағдарламаны қарастырады, тұжырымдамалар негізінде талдау жасайды, базалық білім бағдарламаларын деңгейлеп сараптама жасауға үйренеді. Қазақ әдебиетінің жалпы орны мен негізгі ерекшеліктерін ажыратады. Қазақ әдебиетінен берілетін ғылыми материалдың эмпириалдық деңгейден теориялық деңгейге қарай ұласу жолдарын қарастырады

Пәнді оқыту мақсаты

магистранттарға қазақ әдебиетін оқыту әдістемесінің методологиялық-теориялық негіздерін меңгерту; қазақ әдебиетін оқыту жүйесінің мәселелерін талдап көрсету

Оқыту нәтижелері

ON2 Жоғарғы кәсіби білім проблемаларын және оның болашақ өркендеуін шешу

ON3 Ғылыми- зерттеуді және ғылыми- педагогикалық істерді ұйымдастырудың методологиясын және жоспарлау алгоритмдерін білу

ON7 Кәсіби білікті маман, шығармашыл тұлға дайындау, қажетті кәсіптік теориялық білім мен тиісті практикалық машық- дағдыларды қалыптастыру.

Пререквизиттер

Жоғары мектептің педагогикасы

Постреквизиттер

Педагогикалық практика

Әдебиетті жоғары мектепте оқыту әдістемесінің тарихы

Пән циклі	Бейіндеуші пәндер
Пәннің компонент	Таңдалатын компонент
SubjectID	28947 (3012068)
Курс	1
Семестр	2
Академиялық кредит саны	5
Дәрістер	30сағат
Практикалық және семинарлық сабақтар	15сағат
Білім алушының оқытушы жетекшілігімен өзіндік жұмысы	35сағат
Білім алушының өзіндік жұмысы	70сағат
Барлығы	150сағат
Білімді бақылау нысаны	Емтихан

Пән мазмұнының қысқаша сипаттамасы

Кәсіби құзыреттілігі қалыптасқан, жан- жақты жетілген, теориялық білімі мен практикалық дағдысы жетілген маман даярлайды. Әдістеме ғылымындағы жаңышылдықтарға талдау жасап, тиімді қолдануды үйренеді. Қазақ әдебиетін оқыту әдістемесінің теориялық негіздерін меңгереді. Жоғары мектепте қазақ әдебиетін оқытуды қатысымдық-танымдық тұрғыдан талдап көрсетеді. Интербелсенді әдістерді жоғары оқу орындарында қолдануды үйрету. Дидактика мен инновациялық технологияларды тиімді қолдануға баулиды.

Пәнді оқыту мақсаты

Қазақ әдебиетін жоғары мектепте оқыту әдістемесінің методологиялық-теориялық негіздерін қарастыру. Әдебиетті оқыту әдістемесінің тарихына талдау жасау.

Оқыту нәтижелері

ON2 Жоғарғы кәсіби білім проблемаларын және оның болашақ өркендеуін шешу

ON3 Ғылыми- зерттеуді және ғылыми- педагогикалық істерді ұйымдастырудың методологиясын және жоспарлау алгоритмдерін білу

ON7 Кәсіби білікті маман, шығармашыл тұлға дайындау, қажетті кәсіптік теориялық білім мен тиісті практикалық машық- дағдыларды қалыптастыру.

Пререквизиттер

Жоғары мектептің педагогикасы

Постреквизиттер

Педагогикалық практика

Әдебиетті жоғары мектепте оқытудың әдістемесі

Пән циклі	Бейіндеуші пәндер
Пәннің компонент	Таңдалатын компонент
SubjectID	28946 (3012067)
Курс	1
Семестр	2
Академиялық кредит саны	5
Дәрістер	30сағат
Практикалық және семинарлық сабақтар	15сағат
Білім алушының оқытушы жетекшілігімен өзіндік жұмысы	35сағат
Білім алушының өзіндік жұмысы	70сағат

Барлығы	150сағат
Білімді бақылау нысаны	Емтихан

Пән мазмұнының қысқаша сипаттамасы

Курс барысында әдебиет пәнін оқытудың тарихы мен теориялық ұғымдары оқытылады. Әдебиетті оқыту барысындағы амал-тәсілдер, қолданылатын әдістерді меңгертеді. Көркем шығарманы жанрлық ерекшеліктеріне қарай талдауға үйретеді. Сабақ жоспарын жасау тәжірибесін меңгертеді. Теориялық білімді практикада жүзеге асыруды үйретеді. Оқытудың әдісі - лекцияның құрылымын, логикасын, жоспарын, әдебиеттердің берілуін, жаңа терминдерді, дәлелділігі, негізгі ойлар мен қорытындыларды, оларды ажырата білу, жекеленген жазбаларды, тірек конспектілерді қолдануды үйретеді

Пәнді оқыту мақсаты

Әдебиетті жоғары мектепте оқытудың теориялық, әдіснамалық негіздерін қарастыру. Әдебиетті оқытудың тиімді әдіс-тәсілдеріне талдау жасау. Әдебиет пәні оқытушысының жұмыс жоспарына, оқу-әдістемелік кешенге талдау жасау

Оқыту нәтижелері

ON2 Жоғарғы кәсіби білім проблемаларын және оның болашақ өркендеуін шешу

ON3 Ғылыми- зерттеуді және ғылыми- педагогикалық істерді ұйымдастырудың методологиясын және жоспарлау алгоритмдерін білу

ON7 Кәсіби білікті маман, шығармашыл тұлға дайындау, қажетті кәсіптік теориялық білім мен тиісті практикалық машық-дағдыларды қалыптастыру.

Пререквизиттер

Жоғары мектептің педагогикасы

Постреквизиттер

Педагогикалық практика

Тағылымдамадан өту мен магистрлік диссертацияны орындауды қамтитын магистранттың ғылыми-зерттеу жұмысы I

Пән циклі	Бейіндеуші пәндер
Пәннің компонент	ЖОО компоненті
SubjectID	28952 (3012094)
Курс	1
Семестр	2
Академиялық кредит саны	11
Өндірістік практика	330сағат
Барлығы	330сағат
Білімді бақылау нысаны	Практика бойынша қорытынды баға

Пән мазмұнының қысқаша сипаттамасы

Өзгеріс үстіндегі әлемде кәсіби және әлеуметтілік мобильділікті қамтамасыз ететін филологиялық және әдебиеттанудың іргелі теориялық- әдістемелік, сондай- ақ іргелес ғылымдар саласы бойынша толық талдау жасайды. Тіл мен әдебиет ресурстарын тиімді пайдалануда іргелі лингвистикалық, әдеби бағыттағы жаһандық мәселелерге кешенді талдау жасайды және бағалайды. Ғылыми-зерттеу жұмысын өз бетінше немесе шығармашылық ұжымның құрамында орындауға дағдыланады.

Пәнді оқыту мақсаты

Зерттеуге қажетті ғылыми әдістерді игеру, нақты филологиялық зерттеудің міндеттерін шешу үшін Интернет электронды қоры мен қазақ тілінің Ұлттық корпусы мәліметтерін іске қоса отырып, бұрыннан бар әдістерді жаңарту және жаңа әдіс-тәсілдерді зерттеп дайындау.

Оқыту нәтижелері

ON2 Жоғарғы кәсіби білім проблемаларын және оның болашақ өркендеуін шешу

ON3 Ғылыми- зерттеуді және ғылыми- педагогикалық істерді ұйымдастырудың методологиясын және жоспарлау алгоритмдерін білу

Пререквизиттер

БББ базалық және бейіндеуші пәндері

Постреквизиттер

Тағылымдамадан өту мен магистрлік диссертацияны орындауды қамтитын магистранттың ғылыми-зерттеу жұмысы II

Тілді туыстас тілдермен байланыстыра отырып оқыту

Пән циклі	Бейіндеуші пәндер
Пәннің компонент	Таңдалатын компонент
SubjectID	28957 (3012071)
Курс	2
Семестр	1
Академиялық кредит саны	5
Дәрістер	30сағат
Практикалық және семинарлық сабақтар	15сағат
Білім алушының оқытушы жетекшілігімен өзіндік жұмысы	35сағат
Білім алушының өзіндік жұмысы	70сағат
Барлығы	150сағат
Білімді бақылау нысаны	Емтихан

Пән мазмұнының қысқаша сипаттамасы

Пән барысында мәдениетаралық және кәсіби коммуникативтік біліктілік қалыптасады. Оқыту барысында туыстас тілдердегі

шағын әдеби шығармалары, әңгіме, эссе, новелла, публицистикалық, көркем мәтіндерін, деректі және көркем фильмдерін, тарихи материалдарын қолданады. Туыстас тілдердің интернационалдық терминдері мен терминологиялық атауларын тәжірибеде қолдануға үйренеді. Туыстас тілдер ерекшеліктерін анықтайды. Туыстас тілдердің ерекшеліктерін талдай отырып, өзара байланысын анықтауға дағдыланады.

Пәнді оқыту мақсаты

Туыстас тілдердің, интернационалдық терминдер мен терминологиялық атаулардың әлемдік тәжірибесін қолдану.

Туыстас тілдер ерекшеліктерін анықтау.

Туыстас тілдердің ерекшеліктерін сипаттай отырып, өзара байланыстарын анықтауға дағдылану.

Оқыту нәтижелері

ON7 Кәсіби білікті маман, шығармашыл тұлға дайындау, қажетті кәсіптік теориялық білім мен тиісті практикалық машық-дағдыларды қалыптастыру.

ON11 Сөздердің бір – бірімен тіркесу тәсілдері мен түрлерін, сөз тіркестері құрылысын, сөздердің қызметін, сөйлем жүйесін меңгеру.

Пререквизиттер

Жоғары мектептің педагогикасы Басқару психологиясы

Постреквизиттер

Педагогикалық практика Зерттеу практикасы

Тілді жоғары мектепте оқыту әдістемесінің тарихы

Пән циклі	Бейіндеуші пәндер
Пәннің компонент	Таңдалатын компонент
SubjectID	28956 (3012070)
Курс	2
Семестр	1
Академиялық кредит саны	5
Дәрістер	30сағат
Практикалық және семинарлық сабақтар	15сағат
Білім алушының оқытушы жетекшілігімен өзіндік жұмысы	35сағат
Білім алушының өзіндік жұмысы	70сағат
Барлығы	150сағат
Білімді бақылау нысаны	Емтихан

Пән мазмұнының қысқаша сипаттамасы

Пән қазақ тілін оқыту әдістемесінің зерттеу нысаны, методологиялық-теориялық негіздері туралы мәлімет береді. Қазақ тілін оқыту әдістемесінің қалыптасу тарихы, даму жолдарын игереді. Қазақ тілін оқыту әдістемесінің бүгінгі жағдайы, болашақ міндеттері, шешімін тапқан және шешілмеген негізгі мәселелер бойынша толық білім беріліп, тиімділігі жоғары әдістерді қолдану дағдысын қалыптастырады. Әдістемелік бағыттардың басты нысаны, мәселесі, өзіне тән ерекшелігі, әдістеме ғылымының даму тарихы талданады.

Пәнді оқыту мақсаты

магистранттарға қазақ тілін оқыту әдістемесінің методологиялық-теориялық негіздерін, оқыту тарихын меңгерту

Оқыту нәтижелері

ON2 Жоғарғы кәсіби білім проблемаларын және оның болашақ өркендеуін шешу

ON3 Ғылыми- зерттеуді және ғылыми- педагогикалық істерді ұйымдастырудың методологиясын және жоспарлау алгоритмдерін білу

ON7 Кәсіби білікті маман, шығармашыл тұлға дайындау, қажетті кәсіптік теориялық білім мен тиісті практикалық машық-дағдыларды қалыптастыру.

Пререквизиттер

Жоғары мектептің педагогикасы Басқару психологиясы

Постреквизиттер

Педагогикалық практика Зерттеу практикасы

Тілді жоғары мектепте оқыту әдістемесі

Пән циклі	Бейіндеуші пәндер
Пәннің компонент	Таңдалатын компонент
SubjectID	28955 (3012069)
Курс	2
Семестр	1
Академиялық кредит саны	5
Дәрістер	30сағат
Практикалық және семинарлық сабақтар	15сағат
Білім алушының оқытушы жетекшілігімен өзіндік жұмысы	35сағат
Білім алушының өзіндік жұмысы	70сағат
Барлығы	150сағат
Білімді бақылау нысаны	Емтихан

Пән мазмұнының қысқаша сипаттамасы

Курс тілді жоғары мектепте оқытуда оқытушы әдеби, сөйлеу мәнері мен мәдениеті, әдеби тіл қалпын сақтау ережесін игертеді.

Пән магистранттың болашақ мамандағына қажетті теориялық және тәжірибелік дағдыларын қалыптастырады. Кәсіби

теориялық білім мен тәжірибелік әдістемелік дағдыларды қалыптастырады. Білім берудің жаңашыл әдістерін оқу үрдісінде тиімді қолдануды үйренеді. Қазақ тілін оқыту әдістемесінің теориялық және әдістемелік негізін меңгертеді.

Пәнді оқыту мақсаты

Тілді жоғары мектепте оқыту жолдарын, қағидаларын түсіндіру.

Кәсіби білікті маман, шығармашыл тұлға дайындау, қажетті кәсіптік теориялық білім мен тиісті практикалық машық-дағдыларды қалыптастыру. Кәсіби деңгейі жоғары, жан-жақты дамыған, білім нәрімен сусындаған, теориялық білімі терең, практикалық дағдысы қалыптасқан маман даярлау.

Оқыту нәтижелері

ON1 Кәсіби қызметте негізгі ғылыми, педагогикалық, басқарушылық, коммуникативті білім мен дағдыларды қолдану.

ON7 Кәсіби білікті маман, шығармашыл тұлға дайындау, қажетті кәсіптік теориялық білім мен тиісті практикалық машық-дағдыларды қалыптастыру.

ON11 Сөздердің бір – бірімен тіркесу тәсілдері мен түрлерін, сөз тіркестері құрылысын, сөздердің қызметін, сөйлем жүйесін меңгеру.

Пререквизиттер

Жоғары мектептің педагогикасы Басқару психологиясы

Постреквизиттер

Педагогикалық практика Зерттеу практикасы

Модуль 3. Қазақ тілі және әдебиеттің өзекті мәселелері

Қазіргі қазақ тіліндегі белсенді үдерістер

Пән циклі	Базалық пәндер
